

## Демалыс күнін ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 қазандағы № 1068 қаулысы

Еңбекшілердің демалысы үшін қолайлы жағдайлар жасау және 2013 жылғы қазандағы жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Демалыс күні 2013 жылғы сенбі – 12 қазаннан дүйсенбі – 14 қазанға ауыстырылсын.

2. Қажетті өнім шығару, қаржы қызметтерін қоса алғанда, қызметтер көрсету, сондай-ақ құрылыс объектілерін іске қосу үшін еңбек, материалдық және қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілген ұйымдарға кәсіподақ ұйымдарымен келісім бойынша 2013 жылғы 14 қазанда жұмыс жүргізуге құқық берілсін.

Көрсетілген күнгі жұмыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өтеледі.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *С. Ахметов*